Автор: Бердикулова Маржан Курбанбековна
Пән: Математика
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Натурал сандардың бөлінгіштігі
Тақырып: Құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу

Сабақтың оқу мақсаты	5.1.2.7 құрама сандарды көбейткіштерге жіктеу; - мәтін есептерді шешуде құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеудің тиімді тәсілдерін қолдану; Барлық оқушылар: құрама сандарды көбейткіштерге жіктей алады; Оқушылардың басым бөлігі: мәтін есептерді шешуде құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеудің тиімді тәсілдерін қолдана алады; Кейбір оқушылар: құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеп,есептер шығаруда қолдана алады;
Бағалау критерийі	• Құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктейді • Мәтін есептерді шешуде құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеудің тиімді тәсілдерін қолданады; • Құрама сандарды жай көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде жазады;
Тілдік мақсаты	*Пәнге тән лексика мен терминология:* Құрама сан, натурал сан *Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер:* Жай сандар дегеніміз не? Құрама сандар дегеніміз не? Қандай сандар 2 –ге бөлінеді? Қандай сандар 5 –ке бөлінеді? Қандай сандар 10 –ға бөлінеді? Қандай сандар 3 –ке бөлінеді? Қандай сандар 9 –ға бөлінеді? Құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу дегеніміз не?
Құндылықтарға баулу	• Жақсы қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық дағдысын қалыптастыру; • Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы (2 мин)	**1.Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлемдесу, түгелдеу. Қабілеті төмен төрт оқушыны мұғалім капитан деп атап таңдап алып, капитан шарт ойынша құтқарушымен ескек есуші оқушыларды өзі таңдап алады. **«Капитан»** Ойынның шарты кемеден топ болып, теңізге құламауы керек. Капитан пәрмен беріп тұрады. **Капитан, капитан, ...! Капитан (қабілеті төмен оқушы):** 1 адамнан рафт беріп жүреді; Құтқарушы (қабілеті жоғары оқушы): 5 адамнан балон лақтырады; Қайықта (қабілеті орта оқушы): 6 адамнан ескек еседі Кемеде : 12 адамнан дөңгеленіп тұрады. Мақсаты: Топты ынтымақтастықпен бірлесе жұмыс істеуге бағыттайды.	